ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№87
(2465)
Сенбі
31 қазан
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық ақпараттық-танымдық басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ: АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР МЕН МАҚСАТТАР БЕЛГІЛЕНДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын жариялады.

Қазалы ауданында маңызды саяси құжаттың мазмұнын аудан әкімі Алмасбек Есмаханов бастаған зиялы қауым өкілдері, мекемелер мен кәсіпорындарының басшылары және аудан активі тікелей эфир арқылы тыңдап, ел дамуының алдағы кезеңіне арналған негізгі бағыттармен танысты.

Мемлекет басшысының Жолдауында Қазақстанның болашақтағы даму жолы, экономиканы нығайту, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру мәселелері қамтылды. Сонымен қатар, елдің тұрақты дамуына серпін беретін басым міндеттер мен алдағы кезеңге арналған мақсаттар белгіленді.

Жолдауда айтылған бастамаларды жүзеге асыруда жергілікті деңгейдегі жұмыстың орны ерекше. Әсіресе, Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды дамыту, тұрғындарды толғандырған мәселелерді шешу және халыққа қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру маңызды.

Президент Жолдауынан кейін аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді орындау – барлық сала өкілдеріне ортақ жауапкершілік екенін айтты. Осыған орай, ауданның даму жоспарын белгіленген басымдықтармен сабақтастыра отырып, нақты нәтижеге бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру алдағы кезеңнің басты міндеттерінің бірі болып қала беретінін жеткізді.



АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН БЮДЖЕТ ИГЕРІЛУІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен аймақтың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің орындалуы жөнінде мәжіліс өтті.

Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан әкімі аймақ басшысының берген тапсырмалары мен негізгі көрсеткіштердің орындалуына қатысты арнайы жиын өткізіп, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Жиында ауданның 2026 жылдың 9 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, бюджеттің игерілуі, салық базасын ұлғайту және жергілікті бюджет кірістерінің жоспарын орындау мәселелері қаралды.

Есепті кезеңде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 23,9 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 124,4 пайызға жеткен. Өңдеу өнеркәсібі 127 пайызға, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 19,3 млрд. теңгеге, негізгі капиталға салынған инвестиция 25,8 млрд. теңгеге жетті. Құрылыс жұмыстарының көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 183,2 пайызды құрады.



Аудан әкімі оң динамиканы сақтай отырып, экономикалық көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету, инвестиция тарту жұмыстарын жақсарту, кәсіпкерлікті дамыту және өндіріс көлемін арттыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, құрылыс нысандарының сапасы мен мерзімінде пайдалануға берілуін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Бюджет қаражатын тиімді әрі толық игеру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Аудан басшысы бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне жыл соңына дейін қаражаттың 100 пайыз игерілуін қамтамасыз етуді және бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын қатаң бақылауға алуды міндеттеді.

Сондай-ақ ауданның кірістер жоспарын толық орындау, салық базасын кеңейту және төртінші деңгейлі бюджет түсімдерін арттыру мәселелері талқыланды. Осы ретте Әйтеке би кентінің, Қазалы қаласының және ауылдық округтердің әкімдеріне мемлекеттік кірістер басқармасымен бірлесіп, салық түсімдерін ұлғайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу тапсырылды.

Бұдан бөлек, «Туған жерге тағзым» акциясына кәсіпкерлерді белсенді тарту, жергілікті бюджетке қосымша түсім көздерін қалыптастыру және жылдық жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

Жиын қортындысында аудан әкімі жауапты сала басшыларына белгіленген міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді, әрбір көрсеткіш бойынша тұрақты мониторинг жүргізіп, туындаған мәселелерді жедел шешуді қатаң тапсырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ІСКЕ АСЫРУДА НАҚТЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жасаған «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты дәстүрлі Жолдауында айтылған тапсырмаларды орындау мәселелері қаралды.

Жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Мәжілістен кейін аудан әкімі арнайы аппарат мәжілісін өткізіп, Президент Жолдауында айқындалған міндеттерді аудан көлемінде жүзеге асыруға қатысты жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымды жаңғырту, жол сапасын жақсарту, ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу, цифрландыру және жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану мәселелері кеңінен талқыланды.

-«Мемлекет басшысының Жолдауы – баршамызға ортақ міндеттерді айқындайтын маңызды бағдар. Онда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін ауданымыздың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, әрбір бағыт бойынша нәтижеге қол жеткізуіміз керек», - деді аудан басшысы.

Бүгінгі таңда аудан бойынша алдағы жылдарда қаржыландыру мақсатында 54 млрд. 238 млн. теңгені құрайтын 57 жоба ұсынылып отыр.

Аудан әкімі жауапты сала басшыларына білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт нысандарының қажеттіліктерін зерделеп, алдағы жылдары жүзеге асырылатын инфрақұрылымдық жобаларды нақтылауды тапсырды. Сонымен қатар, автомобиль жолдарын жөндеу сапасын бақылау, елді мекендерді абаттандыру, су ресурстарын тиімді пайдалану және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу мен экспорттау әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстарды жақсарту қажеттігін атап өтті.

Кәсіпкерлікті дамыту және халықты жұмыспен қамту мәселелері де назардан тыс қалмады. Бұл ретте жауаптыларға тұрақты жұмыс орындарын ашу, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға және жергілікті өндірісті дамытуға басымдық беру міндеттелді. Әлеуметтік салада халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту және мұқтаж азаматтарды қолдау шараларының тиімділігін арттыру жөнінде тапсырмалар берілді.

Бұдан бөлек, бюджет қаражатын тиімді пайдалану, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету, бөлінген қаржының мақсатты жұмсалуы мен жобалардың белгіленген мерзімде аяқталуын қатаң бақылау қажеттігі айтылды.

Мәжіліс соңында аудан әкімі ауданның санитарлық тазалығы мен абаттандыру жұмыстарының жәйін сынға алды. Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласындағы анықталған кемшіліктерді бір апта ішінде жоюды тапсырып, атқарылған жұмыстардың нәтижесін дейін және кейін форматында ұсынуды міндеттеді. Тапсырмалардың уақытылы орындалуында жауапты тұлғалардың жауапкершілігі қаралатынын қатаң ескертті.

Жиын қортындысында аудан әкімі жауапты орынбасарларға, дербес бөлім басшыларына және қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне Президент Жолдауынан туындайтын міндеттер жөнінде нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеп, әр тапсырманың орындалу мерзімі мен күтілетін нәтижесін айқындауды тапсырды.

ВОЛЕЙБОЛДАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТУДЕ

Қазан айының 26-сы мен 2 қараша аралығында Қазақстан Ұлттық волейбол федерациясының жоспарына сәйкес, Қазалы ауданында волейболдан жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтуде.

Әйтеке би кентіндегі мәдени-демалыс кешенінде орналасқан спорт кешенінде өтіп жатқан республикалық доданың ашылу салтанатына аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, еліміздің әр аймағынан келген жас спортшыларға сәттілік тіледі. Ауданның спорт саласындағы атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар мен қазалылық спортшылардың жарқын жетістіктеріне тоқталып өтті.

-Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің және облыс әкімінің ерекше қолдауымен өңірімізде бұқаралық спортты дамытуға, жас ұрпақтың спортпен тұрақты айналысуына ерекше мән беріліп келеді. Соңғы төрт жылда Қ.Пірімов, Үрмәш Түктібаев ауылдарында заманауи спорт кешендері салынып, бірқатар елді мекендерде спорт және ойын алаңдары пайдалануға берілді. Биылдың өзінде «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 1 млрд. 564 млн. теңгеге Әйтеке би кентіндегі «Мәдени-демалыс кешенінен», Қожабақы мен Бекарыстан би ауылдарынан жаңа спорт кешендері пайдалануға берілді. Бұдан бөлек кезең-кезеңімен спорттық ойын алаңдары салынуда.



Жыл басынан бері қазалылық спортшылар әлем чемпионаттарында 2 алтын, Азия чемпионатында 1 алтын, халықаралық турнирлерде 11 алтын, 16 күміс, 8 қола, ал Қазақстан Республикасының чемпионаттарында 19 алтын, 25 күміс, 32 қола медаль иеленді.

Биыл шілде айында бокстан Азия чемпионатында жерлесіміз Зарина Толыбай алтын медаль жеңіп алып, Азия чемпионы атанса, күні кеше ғана Черногорияда өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Зарина қарындасымыз топ жарып, әлем чемпионы атанды. Ауыл спортшылары арасында өткен дәстүрлі «Алтын күз – 2026» XXXIX облыстық спартакиадасында ауданымыз жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болды. Бұл жетістіктер – спортшыларымыздың табандылығының, жаттықтырушыларымыздың қажырлы еңбегінің және спорт саласына көрсетіліп отырған мемлекеттік қолдаудың жемісі. Бүгінгі Қазалы ауданында алғаш рет ұйымдастырылып отырған волейболдан Қазақстан Республикасы чемпионаты ауданымыздың спорт саласындағы маңызды оқиғаларының бірі. Сіздерге бүгінгі чемпионатта сәттілік, тартысты ойын және жарқын жеңістер тілеймін, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Бұдан кейін Қызылорда облысының волейбол федерациясының президенті Бақыт Кеңесов жарыстың жоғары деңгейде өтуіне тілектестігін білдіріп, жарыстың маңызына тоқталды.

Республикалық чемпионатқа еліміздің Петропавл, Павлодар, Қостанай, Жетісу, Қызылорда облыстарының және Қазалы ауданының командаларынан барлығы 100-ге жуық жас спортшылар қатысуда.

Айта кетейік, аталмыш жарыс биыл Қазалы ауданында алғаш рет ұйымдастырылып отыр.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

АВТОКӨЛІКТЕРДЕГІ ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Автокөліктегі өрт – адам өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ, қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың бірі. Көлік құралдарындағы өрт көбіне электр сымдарының қысқа тұйықталуынан, жанармай жүйесіндегі ақаулардан, қозғалтқыштың шамадан тыс қызуынан және көлікке уақытылы техникалық қызмет көрсетілмеуінен туындайды. Сондықтан әрбір жүргізуші өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап, көліктің техникалық жағдайына ерекше назар аударуы қажет.

Өрттің негізгі себептері

Автокөліктерде өрттің шығуына бірнеше фактор әсер етеді. Олардың қатарына:

- электр сымдарының тозуы, зақымдануы және қысқа тұйықталуы;
- жанармай жүйесінен бензин немесе дизель отынының ағуы;
- қозғалтқыштың және басқа да бөлшектердің шамадан тыс қызуы;
- сапасыз орнатылған қосымша электр жабдықтары;
- темекі тұқылын көлік ішінде сөндірмей тастау;
- жанармай құю кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу жатады.

Автокөліктегі өрттің алдын алу шаралары

Өрттің алдын алу үшін жүргізушілер көліктеріне техникалық тұрақты түрде техникалық тексеру жүргізіп, анықталған ақауларды дер кезінде жөндеуі керек. Электр сымдарының оқшаулағыш қабатының бүтіндігін, жанармай жүйесінің герметикалығын және қозғалтқыштың техникалық жағдайын бақылауда ұстаған жөн.

Әрбір автокөлікте жарамды өрт сөндіргіш құралы болуы тиіс. Оның жарамдылық мерзімін, қысым көрсеткішін және пайдалануға дайын күйде болуын жүйелі түрде тексеру қажет. Сонымен қатар өрт сөндіргіш жүргізушіге оңай қолжетімді жерде орналасуы керек.

Көлікке өз бетінше қосымша электр жабдықтарын орнатудан аулақ болып, жөндеу жұмыстарын білікті мамандарға тапсырған дұрыс. Жанармайдың иісі сезілсе немесе көліктің капотынан түтін шықса, қозғалысты жалғастырмай, қауіпсіз жерге тоқтап, жағдайды тексеру қажет.

Автокөлікте өрт шыққан жағдайда не істеу керек?

Егер қозғалыс кезінде көліктен түтін немесе жалын байқалса, жүргізуші дереу әрекет етуі тиіс:

1. Көлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты өшіру.
2. Жолаушыларды көліктен жылдам шығарып, қауіпсіз қашықтыққа алыстату.
3. Қауіпсіз жерден 101 немесе 112 нөміріне хабарлау.
4. Өрт бастапқы кезеңде болса және өз өміріңізге қауіп төнбесе ғана өрт сөндіргішті пайдалану.
5. Капот астынан түтін шыққан жағдайда капотты толық ашпау. Ішке оттегі кіргенде жалын күшеюі мүмкін.
6. Өрт күшейсе, көлікке қайта жақындамай, өрт сөндірушілердің келуін күту.

Өртті сөндіруге әрекет жасаған кезде адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмеу маңызды. Әсіресе, жанармай жүйесі зақымданған немесе жалын жылдам таралған жағдайда өз бетіңізше сөндіруге тырыспаған жөн.

Жүргізушілерге маңызды ескерту

Ұзақ жолға шығар алдында көліктің техникалық жағдайын тексеріп, өрт сөндіргіштің бар екеніне және жарамдылығына көз жеткізу қажет. Көлік ішінде жанғыш сұйықтықтарды талапқа сай емес ыдыстарда сақтауға болмайды. Жанармай құю кезінде қозғалтқышты өшіріп, ашық отты пайдаланбау керек.

Қортындылай келе, автокөліктегі өрттің алдын алу – әрбір жүргізушінің жауапкершілігі. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау, көлікке уақытылы техникалық қызмет көрсету және төтенше жағдайда дұрыс әрекет ету адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі барлық жүргізушілерді өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға, автокөліктерінің техникалық жағдайын үнемі бақылауға және жол қозғалысы кезінде сақ болуға шақырады.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ – ОЛ СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ

ҚР Қарулы Күштеріне келісімшарт бойынша әскери қызметшілер жасақталуда. Тілек білдіруші азаматтар бұрын әскери қызмет атқарған және мамандықтары болуы шарт. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде келісімшарт бойынша әскери қызметті таңдауыңа төмендегідей жағдай жасалынған:

Мемлекет есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету. Тұрғын үй қорында қызметтік тұрғын үй болмаған жағдайда тұрғын үйді жалдауға арналған ақшалай төлемақы мөлшері отбасы мүшелерінің санына және жұмыс орнына байланысты төленеді.



Айлық жалақының уақытылы төленуі (әскери қызметшінің еңбек сіңірген жылдары мен лауызымдық жағдайына сәйкес қарастырылған)

Әскери-медициналық мекемелер мен ұйымдар әскери қызметшілерге мемлекет есебінен тегін дәрігерлік қызмет көрсетеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражаттың жартысы мөшерінде көтерме жәрдемақы төленеді.

Жыл сайын демалыс беріледі, әскери қызметшіге демалыс беру екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде төленеді.

Қазақстан Республикасының белгіленген тәртібі мен нормасы бойынша келісімшарт бойынша әскери қызметшілер мемлекет есебінен киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

Сегіз жыл келісімшарт бойынша әскери қызмет атқарған сарбаздар (матрос) мен сержанттар (старшина) жоғарғы оқу орындарында ақылы білім алған жағдайда жалпы құнының 50 пайызы бюджет есебінен өтеуге құқылы. Әскери қызметшілер мұндай жеңілдікті бір рет қана пайдалана алады.

Әскери қызметшілердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі балалар мекемелерінде кезектен тыс орындар беру жеңілдіктері қарастырылған.

Қарулы күштер қатарында әскери қызметке барғысы келетін азаматар толық мәлімет алу үшін мына мекен-жайға хабарласуларына болады.

Қазалы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі. Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі, №88 үй тел. 21433, 87754964351

Маманның кеңесі

ҚҰТЫРУ ҚАУІПТІ ДЕРТ

Құтыру (рабиес) — адам мен жануарларға ортақ, орталық жүйке жүйесін зақымдайтын ең қауіпті вирустық ауру. Бұл дерттің алғашқы белгілері пайда болғаннан кейін өлім көрсеткіші 100 пайызды құрайды. Вирус ауру жануардың (түлкі, қасқыр, ит, мысық) сілекейі арқылы жұғады.

Ауданның ветеринар мамандары үй жануарларының мынадай басты белгілеріне аса мұқият қарауды өтінеді:

1.Иттер мен мысықтар шектен тыс агрессия танытып, иесіне тап береді немесе қараңғыға тығылады. Аузынан сілекейі ағып, судан қорқады, дыбыссыз тістеп алуы мүмкін.

2.Ірі қара (сиыр) мен жылқы малдары мазасызданып, жан-жағындағы заттарды сүзеді немесе тебеді. Дауысы қарлығып, жұтынуы қиындайды, артқы аяқтары сал болып қалады.

3.Уақ мал (қой, ешкі) кенеттен секіріп, дыбыстарға үрке қарайды, басқа малдарды сүзіп, мазасыз күй кешеді.

Жануарлар тістеп немесе тырнап алған жағдайда төмендегі іс-қимылдарды орындау қажет:

1.Дереу ағынды судың астында кір сабынмен 10-15 минут бойы мұқият жараны жуу қажет.

2. Жараның шетін йод немесе спиртпен өңдеңіз.

3. Тез арада ауруханаға барып, құтыруға қарсы антирабикалық екпе (вакцина) курсын алу керек.

Ауру малдың аузынан сілекейі ақса, оның аузын жалаң қолмен ашуға мүлдем болмайды. Үйдегі ит-мысықты жыл сайын құтыруға қарсы ектіру қажет.

Жануарлардан қауіпті белгілер байқалса немесе екпе ектіру керек болса, «Қазалы аудандық ветеринариялық стансасы» МКК мамандарына хабарласыңыз:

Байланыс телефоны: 8 (778) 234-56-06

Мекенжайы: Әйтеке би кенті, В.Счастнов көшесі, 39-үй.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫ НЕГІЗІНДЕ САНИТАРИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БҰЗУДЫҢ ҚР. ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ КОДЕКСІНДЕ ҚАРАЛҒАН ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТҮСІНДІРУ ТУРАЛЫ

Заң үстемдігі және халықтың құқықтық-санитариялық сауаттылығын арттыру бұл азаматтардың, кәсіпкерлер мен ұйымдардың халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамалық талаптарды білуі, түсінуі және оларды күнделікті өмір мен қызметте дұрыс қолдана алу қабілеті.

Қазіргі қоғамда заң үстемдігі мен заңның жалпыға бірдей міндеттілігі қағидаттары ерекше маңызға ие. Қоғамдық тамақтану, сауда және қызмет көрсету объектілерінде санитариялық талаптарды қатаң сақтау – «Заң мен тәртіп» принципінің басты көрінісі.

Бұл қағидаттар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, қоғамдық тәртіпті сақтауды және мемлекеттік басқарудың тиімділігін қамтамасыз етеді. Заң талаптарын сақтау әрбір азаматтың саналы жауапкершілігі болып табылады.

ҚР. әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінде, әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу – азаматтарды заңды сақтауға ынталандыру, құқықтық сауаттылықты арттыру болып табылады.

Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру – құқықтық мемлекетті қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі. Азаматтар өз құқықтары мен міндеттерін толық білсе, заң бұзушылықтардың алдын алу мүмкіндігі артады. Сонымен қатар, санитариялық сауаттылықты көтеру қоғам денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқарады. Санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтау жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға және өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Заң үстемдігін қамтамасыз ету және тұрғындардың құқықтық әрі санитариялық сауаттылығын арттыру – қоғамның тұрақты дамуының негізгі факторларының бірі. Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар азаматтардың жауапкершілігін күшейтіп, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Сәбит ТЕҢЕЛ,
Қазалы ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

КӨМІРТЕК МОНОКСИДІНЕН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ – ӨМІР ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Жылыту маусымы басталған кезде тұрғын үйлерде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау және улы газдан уланудың алдын алу мәселесі өзекті бола түседі. Әсіресе, пешпен жылытылатын тұрғын үйлерде көміртек тотығынан (иіс газынан) улану қаупі жоғары. Иіс газы – түссіз, иіссіз әрі дәмсіз улы газ. Оның қауіптілігі – адам оны сезе алмайды, ал улану ауыр зардаптарға, тіпті адам өліміне әкелуі мүмкін.

Иіс газы қалай пайда болады?

Иіс газы отынның толық жанбауы салдарынан пайда болады. Пештің мұржасы бітелгенде, түтін шығатын жол жабылғанда, желдету жүйесі дұрыс жұмыс істемегенде немесе пешті пайдалану талаптары бұзылғанда улы газ тұрғын үйдің ішіне таралуы мүмкін. Сондай-ақ, газбен жұмыс істейтін құрылғыларды дұрыс пайдаланбау да адам өміріне қауіп төндіреді.

Иіс газынан уланудың негізгі белгілері:

- Бас ауруы және бас айналу;
- Әлсіздік, жүрек айну және құсу;
- Ұйқышылдық, тыныс алудың қиындауы;
- Естің шатасуы немесе жоғалуы.

Мұндай белгілер байқалған жағдайда уақыт жоғалтпай, дереу таза ауаға шығып, медициналық көмекке жүгіну қажет.

Уланудың алдын алу үшін қандай талаптарды сақтау керек?

1. Жылыту маусымы басталмай тұрып пештерді, мұржаларды және түтін шығатын жолдарды тексеріп, тазалау қажет.

2. Пештің жарылуы, жарықшақтары немесе басқа да ақаулары болмауын қадағалау керек.

3. Пешті шамадан тыс қыздырмай және оны қараусыз қалдырмау қажет.

4. Ұйықтар алдында пештің жану режимін қауіпсіз күйге келтіріп, өндіруші нұсқаулығы мен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау керек.

5. Жанып жатқан көмір мен отынның қалдықтарын тұрғын үйдің ішіне шығаруға болмайды.

6. Газ құрылғыларын өз бетінше жөндемей, тек білікті мамандарға тексерткен жөн.

7. Үй-жайларды үнемі желдетіп, ауа алмасуын қамтамасыз ету қажет.

8. Үйге иіс газының дабылқаққышын орнату ұсынылады. Құрылғының өндірушінің нұсқаулығына сәйкес орналастырып, оның жұмысын жүйелі түрде тексеру керек.

Иіс газымен улану белгілері байқалған жағдайда не істеу керек?

Егер үй ішінде иіс газымен улануға күдік туындаса, адамдарды мүмкіндігінше тез таза ауаға шығару қажет. Қауіпсіз болса ғана ғимараттан шығып, 112 нөміріне хабарласыңыз. Зардап шеккен адамды қауіпсіз жерге шығару мүмкін болмаса, өз өміріңізге қауіп төндіріп ішке кірмеңіз. Зардап шеккен адамға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырып, жедел жәрдем шақырыңыз. Ес-түссіз жатқан адамға ауыз арқылы су немесе дәрі беруге болмайды.

Құрметті аудан тұрғындары!

Өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қараңыз. Жылыту пештерін уақытылы тазалап, мұржалардың жарамдылығын тексеріп, газ құрылғыларын дұрыс пайдаланыңыз. Қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтау – қайғылы жағдайлардың алдын алудың ең тиімді жолы.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтауға және иіс газынан уланудың алдын алуға шақырады.

Төтенше жағдай туындаған жағдайда 112 нөміріне хабарласыңыз!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**